

Мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 469 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 3 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5079 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 23 маусымдағы N 325 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.06.23 N 325 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы N 20 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273» "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқарудың жүйесін модернизациялау бойынша шаралары туралы" Жарлығын жүзеге асыру бойынша Жұмыс кестесінің 2.2.-тармағын орындауда және "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдері туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің қоса беріліп отырған стандарттары б е к і т і л с і н :

- "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін тіркеу ";
- " Қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеушілерді тіркеу";
- " Жеке кәсіпкерлерді тіркеу ";
- " Электронды салық төлеушілер " ретінде салық төлеушілерді тіркеу";
- " Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар товарларына жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН-код)";
- " Салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерін тіркеу";

- " Фискалды жадымен бақылау-кассалық машинаны (ФЖ БКМ) тіркеу және е с е п т е н а л ы п т а с т а у " ;
- " Салық берешегі, міндетті зейнетақы жарнасы мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама, жеке шоттан көшірмелерді беру";
- " Қазақстан Республикасы көзінен алынған табыстар және ұсталған салықтар соммалары туралы анықтама беру";
- " Салық төлеушілердің резиденттілігін растау ";
- " Салық есептілгін қабылдау ";
- " Салықтардың, бюджетке басқа міндетті төлемдердің, баждардың төленген

сомаларына есептеу мен қайтару өткізу";

" Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық түсетін айналымдар бойынша ҚҚС қ а й т а р у " ;

" Төлеу қайнарынан ұсталған кіріс салығын қайтару ";

" Салықтарды төлеу мерзімдерін өзгерту туралы шешім ";

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарды апостильдеу ".

2. Осы бұйрықтың N 1 қосымшасына сәйкес салық органдарының "сенім" телефондарының тізбесі.

3. Байланыс мәліметтері:

осы бұйрықтың N 2 қосымшасына сәйкес облыстар, Алматы және Астана қалалары, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша салық органдарының кеңселерін;

осы бұйрықтың N 3 қосымшасына сәйкес Салық органдарының ақпараттарын қабылдау және өндіру орталықтарының жетекшілерін;

осы бұйрықтың N 4 қосымшасына сәйкес салық органдарының жетекшілерін

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Салық комитеті (Н.К.Рахметов) Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде осы бұйрыққа мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін және бұқаралық ақпарат құралдарында оны ресми жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Жауапты хатшысы А.Ж.Сұлтанғазинға жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін іске енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу"

мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу - бұл салық төлеуші тіркеу мәліметтерін тіркеу есебін және өзгертуді енгізетін Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің Мемлекеттік реестріне салық төлеушілер туралы мәліметті енгізу бойынша және салық төлеуші куәлігінің дубликатын беру салық органдарының қызметі.

Тіркеу есебі және өзгертуді енгізу - бұл салық төлеушінің салық органына есепке қою, соның нәтижесінде салық төлеушінің тіркеу деректері, оның ішінде салық төлеушінің тұрған жері, оған салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің тиесілігі, салық төлеушінің тіркеу деректерінің ағымдағы өзгерістерін тіркеу; есептен шығару.

2. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу қызметі кей жерлерінде автоматтандырылған.

3. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу қызметі Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 520-525-баптары негізінде ұсынылады.

4. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу қызметі Қазақстан Республикасының салық органдарымен көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу қызметінің аяқтау (нәтижесі) формасы болып табылады:

1) салық төлеушіні тіркеу және тіркеу мәліметтерін өзгерту кезінде - Қазақстан Республикасының салық төлеуші куәлігі;

2) салық төлеуші куәлігі дубликатын алған кезде - салық төлеуші куәлігі дубликаты.

6. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу бойынша қызметі Қазақстан Республикасы салық төлеушісі ретінде мемлекеттік тіркеу бойынша міндеттер таралатын физикалық және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыты бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушымен қажетті құжаттарды берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

салық органдарына мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік есепке қою кезінде - 2 жұмыс күні;

Қазақстан Республикасы салық төлеушілері куәлігі дубликатын берген кезде - 2 жұмыс күні;

тіркеу есебінен алып тастау - 5 жұмыс күні, Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа (қайтыс болған, қайтыс болғанын жариялау және т.б.);

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезекті күтудің максималды жіберілетін уақыты - 20 минут;

3) Құжаттарды алған кезде табыстар кезекті күтудің максималды жіберілетін уақыты - 20 минут.

8. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу бойынша қызметі салық органымен ақысыз түрде жүзеге асырылады. Мемлекеттік тіркеуге алынатын жиын алынады:

1) жеке кәсіпкер ретінде тіркеу кезінде;

2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде:

заңды тұлғаның және оның филиалдарының және өкілеттіліктерінің қызметін құру және тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу кезінде; мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы Куәлік дубликатын алу кезінде; мемлекеттік (есептік) тіркеу үшін жинақтау ставкасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1660 қаулысы санатына байланысты анықталған және келесі мөлшерді құрайды:

заңды тұлғаның және оның филиалдарының және өкілеттіліктерінің қызметін құру және тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу үшін:

1) заңды тұлғаның және оның филиалдарының және өкілеттіліктеріне - 7 600 т е ण г е ;

2) заңды тұлғаларға - кіші кәсіпкерлер субъектілеріне, олардың филиалдарына және өкілеттіліктеріне - 2 280 теңге;

3) саяси партияларына, олардың филиалдарына және өкілеттіліктеріне - 15 9 6 0 т е ण г е ;

4) бюджет қаражаттарынан қаржыландыратын мекемелерге, қазыналық мекемелерге және КСК, олардың филиалдарына және өкілеттіліктеріне:

құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде - алым төленген күнге қолданылатын 1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК);

мемлекеттік қайта тіркеу (есептік) кезінде - құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде төленетін алымның 50%;

қызметі тоқтатылған кезде (соның ішінде заңнамада көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) - алым төленген күнге қолданылатын 1 АЕК;

5) балалар және жастар қоғамдық бірлестіктеріне, қоғамдық мүгедектер бірлестіктеріне, олардың филиалдарына және өкілеттіліктеріне, республикалық және жергілікті ғылыми-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарында:

құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде - алым төленген күнге қ о л д а н ы л а т ы н 2 А Е К ;

мемлекеттік қайта тіркеу - (есептік) кезінде - құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде төленетін алымның 50%;

қызметі тоқтатылған кезде (соның ішінде заңнамада көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) - алым төленген күнге қолданылатын 1 АЕК.

6) куәлік дубликатын алған кезде - 50 теңге.

Жиын тіркеуге құжаттарды, немесе Куәлік дубликатын алғанға арызды тапсырғанға дейін төленеді.

Жиынды төлеу банк бөлімшелерінде, "Қазпочта" АҚ және төлемді қабылдауды жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жүзеге асырылады.

9. Анықтама беруге мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты орналасқан:

1) мына мекен-жай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің web-порталы "Салық қызметі сапасы" бөлімінде: www.salyk.kz ;

2) Салық органдары ақпараттарын қабылдау және өңдеу орталықтарының ақпараттық қабырғаларында ;

3) Салық органдары ақпараттарын қабылдау және өңдеу орталықтарында салық төлеушілерге тарату үшін жеке материалдар үшін белгіленген сөрелерде, жәшіктерде, үстелдерде.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық"терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Тіркеуден өту және (немесе) тіркеу есебіне қою үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

13. Қағаздағы тіркеуге арыз бланкісін, тіркеу мәліметтерін өзгертуді және салық төлеуші есебінен алып тастауды түрлі-түсті бланкіде inis.taxkz.kz сайтынан шығаруға болады ("Нормативті құжаттар" бөлімі,»"Салық төлеушіні тіркеу" бөлімшесі) немесе типографиялық ұйымдарда, салық органдары мекемелерінде осыған арнайы арналған жерлерден алуға болады.

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеуге арыз физикалық тұлғаның арызын, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалды қызметті (Қазақстан Республикасы резиденті) (001.00 нысаны) және салық органдарындағы Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарында алуға болатын салық төлеушілерін физикалық тұлғаның тіркеуі туралы, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалды қызметті (Қазақстан Республикасы резиденті емес) (003.00 нысаны) болып табылады.

14. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу процедурасынан өту үшін, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті»"терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Барлық құжаттарды тапсыруға растау болып табылады:

1) салық төлеушілерде қалатын арыздың екінші данасында салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы, код және қабылдау күні қойылған салық төлеушілерді тіркеуге арызды қабылдау, тіркеу мәліметтерін өзгерту туралы және есептен шығару туралы салық органы қызметкерімен белгі;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының»"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін,»"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы»N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырындағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген физикалық және заңды тұлғаның қарау Ережелерінің N 3 қосымшасымен белгіленген форма бойынша талон беру (бұдан әрі - талон).

16. Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігін, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі дубликатын Сіз салық органдары Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарының тиісті»"терезеден (-лерінен)" ала аласыз.

17. Қазақстан Республикасы салық төлеушісі ретінде тіркеу бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе бас тартуға негіздеме құжаттардың толық пакетін бермеуі болып табылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық етеді:

1) анықтама беру процедурасы туралы толық ақпарат беру;
2) қызмет көрсету кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау ;

3) анықтама беру бойынша ақысыз қызмет көрсету;
4) салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлері тарапынан жылы қарым-қатынас жасау;

5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа көрсеткіштерімен және қол жеткізушілігімен өлшенеді

20. Мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік органның, мекеменің немесе басқа субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа көрсеткіштері және қол жеткізушілігінің толық мағынасы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтарымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органы қызметкерінің іс-әрекетін (әрекетсіздігін) шағымдау тәртібі туралы ақпаратты алуға болады:

1) салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарындағы ақпараттық қабырғаларынан;

2) www.salyk.kz сайтында (Ақпараттық материалдар бөлімі/ Жаңалықтар).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгініс ету;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының»"сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының»"сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963»"сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының»"сенім" телефондар нөмірлері Бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz ;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар жәшігі арқылы ;

6) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы Бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым қабылдау ретінде қағаз тасымалдаушысында ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон болады. Талонда шағымды қабылдаған адамның аты жөні, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру барысы және қарастыру нәтижесі туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қабылдаған адамнан;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат жолдау арқылы білуге болады.

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс ақпараты

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - Бұйрықтың N 3 қосымшасында келтірілген;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - Бұйрықтың N 4 қосымшасында келтірілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар Республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

2) нормативтік құқықтық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастыра;

3) салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатыса.

"Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына 1-қосымшасы

Кесте. Тіркеуден өту және (немесе) тіркеу есебіне қою үшін қажетті құжаттар.

физикалық тұлғалар-резидент еместер:

Салық төлеуші санаттары	Арыз формасы	Көшірмесін беру керек болатын құжаттар тізбесі (*белгісі құжаттар көшірмесін нотариуста растау керектігін білдіреді, **белгісі тұрғын орыны ауысқан кезде ғана құжат тапсырылады):		
		Жеке басын растайтын құжат	ЖК ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік*	Салық салу объектілері, олар болған кезде растайтын құжат
Физикалық тұлғалар - резидент еместер	001.00	v		v
Жеке кәсіпкерлер (ЖК)	001.00		v	
Ортақ кәсіпкерлер формасында жеке кәсіпкерлер (ОК)	002.00	v (ОК барлық мүшелер)		

кестенің жалғасы

ҚР салық төлеушінің куәлігі немесе азаматтық елде салық тіркеуін растайтын құжат	ҚР келген мерзімі мен орнын анықтайтын құжаттар	ҚР мүлікті енгізу кезіндегі кедендік декларациялар	Тұрғын жерін өзгеруін растайтын құжат немесе жаңа тұрғын орны туралы тіркеуші органы анықтамасының көшірмесі**
v			v
v (ОК барлық мүшелер)			

физикалық тұлғалар-резидент еместер үшін:

	Көшірмесін беру керек болатын құжаттар тізбесі		
	Арыз формасы	Жеке басын растайтын құжат	Салық салу объектілері, олар болған кезде растайтын құжат
Салық салу объектілерін иеленетін жеке тұлға	003.00	v	v
Резидент емес атынан қызметті жүзеге асырушы жеке тұлға	003.00	v	

Құнның өсуінен алатын жеке тұлға табысты	003.00	v	v
Банк-резиденттерде шот ашушы жеке тұлға есеп-	003.00	v	

кестенің жалғасы

ҚР салық төлеушінің куәлігі немесе азаматтық елде салық тіркеуін растайтын құжат	ҚР мүлікті енгізу кезіндегі кедендік декларациялар	Резидент еместен ҚР-да қызметін жүзеге асыруға кепілдікті ұсынуға шарт
v	v	v
v		v
v		
v		

заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге:

Салық төлеуші санаттары	Арыз формасы	Басшы тұлғаны тағайындау туралы бұйрық	Бюджетпен есептеу бойынша жауапты қызметкерді тағайындау туралы бұйрық
Заңды тұлға	004.00		v
Заңды тұлға филиалдары, өкілеттіліктері	006.00	v	v
Тұрақты мекеме арқылы ҚР қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға, резидент емес	005.00	v	v

кестенің жалғасы

Көшірмесін беру керек болатын құжаттар тізбесі (* белгісі құжаттар көшірмесін нотариуста растау керектігін білдіреді)

Заңды мекенжайды растайтын құжат	Құрылтайшылық құжаттар немесе құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер көшірмесі*	Заңды тұлға - резидент емеспен филиал, өкілдіктің басшысына (басқарушысына) немесе оның орындастарына белгіленген тәртіпте мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылымы расталып берілген сенімхат
v	v	
v	v	
v	v	v

заңды тұлғалар-резидент еместер:

Салық төлеуші санаттары	Арыз формасы	Көшірмесін беру керек болатын құжаттар тізбесі (*белгісі құжаттар көшірмесін нотариуста растау керектігін білдіреді, ** белгісі тұрғын орыны ауысқан кезде ғана құжат тапсырылады):		
		Салық салу объектілеріне құқықты және олардың ҚР тіркеуін растайтын құжаттар*	ҚР мүлікті енгізу кезіндегі кедендік декларациялар	Инкорпорация елінде салық тіркеуін растайтын құжат
Салық салу объектілерін иеленетін заңды тұлғалар	005.00	v	v	v
Резидент емес атынан қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға	005.00			v
Құнның өсуінен табысты алатын заңды тұлға	005.00			v
Банк резиденттерде есепшот ашушы заңды тұлға	005.00			v
Демократиялық және оларға жақындатылған ҚР аккредиттелген шетел мемлекеттері өкілеттіліктері	005.00			
Резидент еместен ҚР-да қызметін жүзеге асыруға кепілдікті ұсынуға шарт	Үкімет аккредитациясы туралы ҚР СІМ хат және оның орналасқан жері	Қызметкердің келген жерін көрсетумен өкілеттілікке хат **	Оригиналды ұсынумен дипломатиялық карточка **	
v				

	v	v	v
--	---	---	---

Бүлінген немесе жоғалған кезде Куәлік дубликатын алу үшін салық органына
ұ с ы н у қ а ж е т :

- 1) Куәлік дубликатын алуға арыз;
- 2) Бұзылған куәлік бланкісі (Куәлікті бүлдірген кезде).

Тіркеу мәліметтерінің өзгерісі кезінде "Тіркеу мәліметтерін өзгерту" операция түрін көрсете отыра тіркеу туралы арызды және осы өзгерістерді растайтын құжаттар көшірмесі қосымшасын тапсыру қажет.

Тіркеу есебінен алып тастау үшін (Салық төлеушілердің Мемлекеттік реестрінен алып тастау үшін) келесі құжаттар ұсынылады:

Физикалық тұлғалар - резидент еместер үшін:

		Құжаттар тізбесі			
		Салық төлеушінің куәлігі (дубликат)	ЖК ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік (дубликат)	Салыстыру актісін алуға арыз
Физикалық тұлғалар-резидент еместер	007.00	v			
Жеке кәсіпкерлер	007.00	v	v	v	v

Заңды тұлғалар, филиалдар және өкілеттіліктер үшін:

		Құжаттар тізбесі			
		Салық төлеушінің куәлігі (дубликат)	ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік (ҚҚС төлеуші дубликат)	Қызметтің тоқтауы туралы уәкілетті органның бұйрығының немесе сот шешімінің көшірмесі	Филиалдар және өкілеттіліктердің қызметті тоқтатуы туралы өкімдік құжаттардың көшірмесі
Заңды тұлғалар-резидент еместер	008.00	v	v	v	
Заңды тұлғалар-резидент еместердің филиалдары, өкілеттіліктері	008.00	v	v		v
Тұрақты мекемені құрумен ҚР қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғалар-резидент еместер	008.00	v	v	v	v

резидент еместер үшін:

	Құжаттар тізбесі
--	------------------

Салық төлеуші санаттары	Арыз формасы	Салық төлеушінің куәлігі (дубликат)	Салық салу объектілеріне құқықтың тоқтауын растайтын құжат	Банктегі есеп-шоттың жабылуы туралы қазақстандық банкке хат	Келісімнің тоқтауын растайтын құжат немесе орындалған жұмыс актісі	Салықтыру актісін алуға арыз	Салық тексеріс актісі	ҚҚС куәлігі (дубликат)
ҚР салық салу объектілерімен иеленетін физикалық, заңды тұлғалар резидент емес-тер	007.00 немесе 008.00	v	v			v		
банк-резиденттерде есеп-шоттары бар физикалық және заңды тұлғалар	007.00 немесе 008.00	v		v				
Резидент емес-тің атынан ҚР қызметін жүзеге асырушы физикалық немесе заңды тұлға	007.00 немесе 008.00	v			v	v	v	v
ҚР қызметін жүзеге асырушы физи-								

калык тұлға- резидент емес	007.00	v			v	v	v	v
----------------------------	--------	---	--	--	---	---	---	---

Арыз салық төлеушімен қол қойылады және салық төлеушілер мөрімен мөрленеді (бар болған кезде). Салық төлеушінің - физикалық тұлғасының жоқ болған немесе қабілетсіз болған кезде арызды оның өкілетімен қол қойылады және мөрленеді.

"Қазақстан Республикасы салық төлеушілерін тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына 2-қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	55,4%	46,7%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	79,4%	76,8%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,8%	46%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	87,0%	83,8%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	53,6%	44,5%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	79,4%	74,2%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,66%	0,8%
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	96,2%	95,1%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	96,2%	95,1%
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	96,2%	95,1%
5. Сыпайлық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	58,2%	50,2%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kz сайты).

Қазақстан Республикасы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2007 ж ы л ғ ы » 19

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу"

мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеушілерді тіркеу - бұл ҚҚС төлеушілерді тіркейтін, ҚҚС төлеушілерді есептен шығаратын, ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті ауыстыратын және ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін беретін кезде ҚҚС төлеушілерді есепке қою деректері базасының жүйесінде (ҚҚС төлеушілердің бірыңғай тізілімі) салық төлеуші туралы мәліметтер енгізу бойынша салық органдары көрсететін қызмет.

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті ауыстыру бойынша қызмет тек салық төлеушінің атауы өзгерген жағдайда ғана ұсынылады.

2. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша қызмет көрсету автоматтандырылмаған.

3. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша қызмет "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 208-210-баптары негізінде көрсетіледі.

4. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша Қазақстан Республикасының салық органдарымен көрсетіледі .

5. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша қызмет көрсетуді аяқтау нысаны (н ә т и ж е с і) м ы н а л а р :

1) ҚҚС төлеушілерін тіркеу және ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті ауыстыру кезінде - ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік алу;

2) ҚҚС бойынша куәліктің көшірмесін алу кезінде - ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін беру.

6. ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу бойынша қызмет мыналарға көрсетіледі:

1) кез келген кезеңнің (кемінде он екі айлық) аяқталу күнінен бастап тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) тарату бойынша айналымы осы кезеңнің соңғы айына белгіленген айлық есептік көрсеткішінен (АЕК) 15000 есе асып кеткен жеке және заңды тұлғаларға. АЕК мөлшерін "Әрбір есептік жылға арналған республикалық бюджетті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының З а ң ы б е л г і л е й д і ;

2) қызметтің жекелеген түрлеріне (ойын бизнесі, боулинг (кегельбан), картинг, бильярд және лотоны ұйымдастыру бойынша ақшасыз ұтыс ойын автоматтары саласында қызмет көрсету) арнаулы салық режимін (АСР) қолданатын салық төлеушілерге;

3) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тарату бойынша айналым мөлшеріне тәуелсіз, салық төлеушінің қалауы бойынша, жеке және заңды тұлғаларға, резидент еместерге.

ҚҚС ретінде тіркеуге арналған жеке және заңды тұлғаларға, резидент еместерге м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) жеке кәсіпкерлер;

2) мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, заңды тұлғалар;

3) қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құра отырып жүзеге асыратын резидент еместер;

4) уәкілетті мемлекеттік орган жеке ҚҚС төлеуші деп таныған құрылымдық бөлімшелердің заңды тұлғалары.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік және Куәліктің көшірмесін алу кезінде - 2 жұмыс күні;

жеке ҚҚС тапсырушы деп тану туралы шешім немесе жазбаша бас тарту алу кезінде (заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері - Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) - 30 күнтізбелік күн.

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 20

м и н у т ;

3) құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 20 минут.

8. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша қызмет көрсетуді, өтініш бланкілерінің құнын қоспағанда, салық органдары ақысыз негізде жүзеге асырады.

9. ҚҚС төлеушілерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты:

1) www.salyk.kz мекен жайы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті web-порталының "Салық қызметтерінің сапасы" б ө л і м і н д е ;

2) салық органдарының Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарындағы а қ п а р а т т ы қ с т е н д і л е р д е ;

3) салық органдарының Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарындағы салық төлеушілерге таратуға арналған материалдар үшін орнатылған сөрелерде, жәшіктерде, столдарда орналастырылған.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. ҚҚС төлеуші ретінде тіркеуден өту үшін мыналар қажет:

1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығына екі данада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының "Қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есептен шығару, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру, ауыстыру, күшін жою және қолданысын тоқтата тұру ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 25 наурыздағы N 157 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4605 болып тіркелген) бекітілген ҚҚС бойынша есепке қою, ҚҚС бойынша есептен шығару, ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті беру, ауыстыру, күшін жою және қолданысын тоқтата тұру Ережесінің (әрі қарай - ҚҚС Ережесі) 342.00 нысаны бойынша ҚҚС бойынша есепке қою т у р а л ы ө т і н і ш ұ с ы н у ;

2) салық төлеушінің ҚҚС бойынша есепке қою туралы өтінішке қол қоюы

және салық төлеушінің мөрімен (бар болған жағдайда) бекіту;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің жеке ҚҚС төлеуші деп тану туралы шешімі - заңды тұлға - Қазақстан Республикасы резидентінің құрылымдық бөлімшелерін ҚҚС бойынша есепке қою кезінде.

ҚҚС төлеушіні есептен шығару үшін мыналар қажет:

1) екі данада ҚҚС Ережесінің 362.00 нысаны бойынша ҚҚС бойынша есептен шығару туралы өтініш ұсыну;

2) өтінішке Куәліктің түпнұсқасын (куәліктің көшірмесін) тіркеу;

3) ҚҚС төлеушісі ретінде есептен шығарудың мына себептерінің бірі:

2 жылдан астам ҚҚС төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушілер үшін - соңғы он екі ай кезеңінде салық салынатын айналымның мөлшері салық салынатын айналымның ең аз мөлшерінен аспаса;

6 айдан астам салық салынатын айналымға байланысты қызметті тоқтатса.

Куәлікті ауыстыру үшін мыналар қажет:

1) екі данада ҚҚС Ережесінің 372.00 нысаны ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті ауыстыруға өтініш ұсыну;

2) өтінішке бұрын берілген Куәлікті (куәліктің көшірмесін) тіркеп ұсыну;

3) өтінішке салық төлеушінің қол қоюы және салық төлеушінің мөрімен (бар болған жағдайда) растау.

Куәліктің көшірмесін алу үшін мыналар қажет:

1) екі данада ҚҚС Ережесінің 352.00 нысаны ҚҚС бойынша есепке қою туралы Куәліктің көшірмесін алуға өтініш ұсыну;

2) өтінішке Куәліктің бүлінген бланкісін (куәлік бүлінген жағдайда) тіркеп ұсыну;

3) өтінішке салық төлеушінің қол қоюы және салық төлеушінің мөрімен (бар болған жағдайда) растау.

13. ҚҚС бойынша есепке тіркеу және шығару, Куәліктің көшірмесін алу немесе ауыстыру өтініштерінің бланкілерін қағаз тасығышта www.salyk.kz сайтынан ("Салық заңнамасы" бөлімі, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің нормативтік-құқықтық актілері" бөлімшесі) түрлі-түсті бланкілерге басып шығаруға болады не оларды салық органдары ғимараттарында осыған арнайы бөлінген орындардағы баспахана ұйымдарынан сатып алуға болады.

14. ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу рәсімінен өту үшін сізге тиісті құжаттарды салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Барлық қажетті құжаттарды тапсыруды келесі құжаттар растайды:

1) салық органы қызметкерінің салық төлеушіде қалатын өтініштің екінші данасына қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, қолы, салық органының коды мен

қабылдаған күні қойылатын ҚҚС төлеуші ретінде тіркеуге, ҚҚС бойынша есептен шығару туралы, ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлікті ауыстыруға немесе ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін алуға өтініш қабылдағаны туралы белгісі;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерінің N 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша талон беру (бұдан әрі - талон).

16. Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігін, Қазақстан Республикасы салық төлеушісі куәлігінің көшірмесін Сіз салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының тиісті "терезеден (-лерінен)" ала аласыз.

17. Құжаттар пакетін толық тапсырмау ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе одан бас тартуға негіз бола алады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық етеді:

- 1) ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу рәсімі туралы толық ақпарат беру;
- 2) қызмет ұсыну кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау;
- 3) өтініш бланкілерінің құнын қоспағанда, ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу бойынша ақысыз қызмет көрсету;
- 4) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас жасау;
- 5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғалу.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы үлгі стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және

қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органдары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты:

1) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары стендтерінен;

2) www.salyk.kz сайтынан (Ақпараттық материалдар/Жаңалықтар бөлімінен).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгінісету;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері Бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz ;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар жәшігі арқылы ;

6) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы Бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық қызметі органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым қабылдауды өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон растайды. Талонда өтінішті қабылдаған адамның тегі мен инициалы, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру барысы және қарастыру нәтижесі туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қабылдаған адамнан;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат жолдау арқылы білуге болады.

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімде қарастырылады.

6. Байланыс ақпараты

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - Бұйрықтың N 3 қосымшасында көрсетілген;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - Бұйрықтың N 4 қосымшасында көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

нормативтік құқылық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастыра;

салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатыса.

"ҚҚС төлеушілерді тіркеу"

мемлекеттік қызмет
көрсетудің стандартына
қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің келесі	Көрсеткіштің есепті
--	----------------------	---------------------

	Көрсеткіш- тің норматив- тік мәні	жылдағы нысаналы мәні	жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	53%	43,4%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	75,5%	71,7%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50,5%	40,6%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	91,2%	89%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50%	39,9%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	84,8%	81%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	4,42%	5,5%
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	94,6%	93,3%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	94,6%	93,3%

4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	94,6%	93,3%
5. Сьпайылық			
5.1. қызметкерлердің сьпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,4%	45,5%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kz сайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

19 желтоқсандағы 2007 жылғы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Жеке кәсіпкерлерді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу - бұл салық органының жеке кәсіпкер ретінде есепке қою, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру және Куәлік дубликатын беру, сонымен қатар жеке кәсіпкер қызметін уақытша тоқтату және жеке кәсіпкер есебінен алу бойынша салық органының қызметі.

Салық төлеушінің қалауы бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркеу келесі түрде жүргізілуі мүмкін:

жеке кәсіпкерлік;
ортақ кәсіпкерлік.

Жеке кәсіпкерлік оның жеке меншігіне жататын, сонымен қатар мүлікті қолдануға және (немесе) өкім беруге құқық беретін мүлік базасында өздігінен бір физикалық тұлғамен жүзеге асырылады.

Ортақ кәсіпкерлік - оның жеке меншігіне жататын, сонымен қатар мүлікті қолдануға және (немесе) өкім беруге құқық беретін мүлік базасында кәсіпкерлік қызметті физикалық тұлғалар тобымен жүзеге асырылуы.

Ортақ кәсіпкерлік формасы болып табылады:

жұбайлардың жалпы ортақ меншігі базасында жүзеге асатын жұбайлар кәсіпкерлігі;

жалпы ортақ крестьян (фермерлік) шаруашылық немесе мүлікті меншіктеуге жалпы ортақ кәсіпкерлік базасында жүзеге асатын жанұялық кәсіпкерлік;
жеке кәсіпкерлік жалпы үлестік меншік базасында жүзеге асатын жай

с е р і к т е с т і к .

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті ауыстыру бойынша қызмет салық төлеушінің аты (тегі, аты, әкесінің аты) өзгерген жағдайда ұсынылады, Куәлік дубликатын беру бойынша қызметті Куәлікті бүлдірген немесе жоғалтқан кезде көрсетіледі.

Қызметтің уақытша тоқтатылуы - қызметін қайта жандандыруына дейін келешек салық кезеңдеріне салық есептіліктің ұсынбауы үшін негіздеме болып табылатын белгілі бір уақытқа дейін тапсырылған өтінішіне сәйкес жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатылуы.

2. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу бойынша қызмет кей жерлерінде автоматтандырылған.

3. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу бойынша қызмет Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы "Жеке кәсіпкерлік туралы" N 124-III Заңының 6-тарауы және Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 68 және 401-баптары негізінде ұсынылады.

4. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу бойынша қызмет Қазақстан Республикасының салық органдарымен көрсетіледі.

5. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу бойынша қызметтің аяқтау (нәтижесі) формасы б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) жеке кәсіпкерлерді тіркеу және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру кезінде - жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алу. Куәлік формасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсанындағы N 1586 қаулысымен бекітілген. Ортақ кәсіпкер формасында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу кезінде Куәлікке салық органы басшысымен мөрленген ортақ кәсіпкерлік мүшелері тізбесі қоса беріледі, сонымен қатар ортақ кәсіпкерлік мүшелерінің салық төлеушінің тіркеу нөмірінен (СТН) ерекшеленетін жаңа СТН беріледі;

2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің дубликатын алған кезде - Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің дубликаты;

3) есептен алып тастаған кезде - жеке кәсіпкерді есептен алып тастау;

4) жеке кәсіпкер қызметін уақытша тоқтатқан кезде:
қызметті уақытша тоқтату туралы салық органының шешімі;
қызметті уақытша тоқтату кезінде бас тарту туралы салық органының шешімі

6. Жеке кәсіпкерлерді тіркеуді оларды тіркеу үшін белгіленген жағдайларға тәуелсіз өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасы салық төлеушісі ретінде тіркеуден өткен физикалық тұлғалар өтуі мүмкін. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеуді

физикалық тұлғалар міндетті түрде өтуі қажет:

тұрақты негізде жалдамалы қызметкерлердің еңбегін қолданушы;

Қазақстан Республикасы заңымен физикалық тұлғалар үшін белгіленген жиынтықты жылдық табыс (ЖЖТ) көлемін салық көлемінен асатын көлемде Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес есептелген жеке кәсіпкерден алатын жиынтықтық жылдық табыс.

Қызметті уақытша тоқтату бойынша қызметті алуға болады:

1) крестьян (фермалық) шаруашылық және қызметтің жеке түрлері үшін арнайы салық режимін қолданудан басқа жеке кәсіпкерлер;

2) жеке нотариустар;

3) адвокаттарға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушымен қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті және Куәлік дубликатын алған кезде - 1 жұмыс күні;
есептен алып тастау кезінде:

жеке кәсіпкерлікті тоқтату туралы шешімді өздігінен қабылдаған кезде - оның арызы негізінде Мемлекеттік регистрден осындай кәсіпкерді шығарған сәттен бастап;

есептен күштеп шығарған кезде - сот шешімінің заңды күшіне енгеннен бастап;

қызметті уақытша тоқтатқан кезде - 5 жұмыс күні;

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің максималды кететін уақыт - 20 минут;

3) құжаттарды алу кезінде күтуге максималды кететін уақыт - 20 минут.

8. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеу бойынша қызметі салық органымен Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда мемлекеттік пошлинаны төлеуден басқа кезде ақысыз жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеу үшін жиын алынады:

1) жеке кәсіпкер ретінде тіркеу кезінде жиын сомасы жиынды алу күніне 4-еселік АЕК құрайды;

2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік дубликатын алған кезде жиын сомасы жиын ставкасынан 25% құрайды.

Құжаттарды тіркеуге бергенге немесе Куәлік дубликатын алуға арызды бергенге дейін жиын төленеді.

Жиынды төлеу банк бөлімшелерінде, "Қазпочта" АҚ және төлемді қабылдауды жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жүзеге асырылады.

Тіркеу үшін алынбайды:

крестьян (фермерлік) шаруашылық;
I, II және III топ мүгедектері;

Қазақстан Республикасы азаматтығын алғанға дейінгі заңды тұлғаның құрылуынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын репатрианттар (оралмандар).

9. Қазақстан Республикасы салық төлеушісін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты орналасқан:

1) мына мекен-жай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің web-порталы "Салық қызметі сапасы" бөлімінде:
w w w . s a l y k . k z ;

2) салық органдары ақпараттарын қабылдау және өңдеу орталықтарының ақпараттық қабырғаларында;

3) салық органдары ақпараттарын қабылдау және өңдеу орталықтарында салық төлеушілерге тарату үшін жеке материалдар үшін белгіленген сөрелерде, жәшіктерде, үстелдерде.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

12. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеуден өту үшін келесі құжаттар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік табыстар министрінің "Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік алуға өтініш нысанын бекіту туралы" 2002 жылғы 21 наурызындағы N 379 бұйрығымен бекітілген форма бойынша жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті алуға арыз;

2) 3 x 4 сурет (2 дана);

3) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуге жиын сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (жиынды төлеу туралы квитанция);

4) крестьян (фермерлік) шаруашылығы ретінде жеке кәсіпкерлікті (Қазақстан Республикасының резиденті) (002.00 нысаны) жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу туралы арыз - ортақ кәсіпкерлік формасында жеке кәсіпкер ретінде тіркеуден өткен кезде.

Ортақ кәсіпкерлікті тіркеуге құжаттар үшінші тұлғалар мен мемлекеттік органдар қатынасына қызығушылығын ұсынатын өкілетті тұлғамен беріледі.

Көрсетілген құжаттар салық комитетінің Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығына ұсынылады:

физикалық тұлғаның тұратын жері бойынша - жеке кәсіпкер формасында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу кезінде;

өкілетті тұлғаның тұратын жері бойынша - ортақ кәсіпкер формасында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу кезінде.

Куәлікті ауыстыру үшін "мәліметтерді өзгерту кезінде" жолында белгісі бар және дұрыс мәліметтерді көрсетумен Куәлікті алуға арыз, 3x4 сурет (2 данада), сонымен қатар алдында берілген Куәлікті (Куәлік дубликатын) ұсыну қажет.

Куәлік дубликатын алу үшін беру қажет:

еркін формада арыз;

3x4 сурет (2 данада);

Куәліктің бүлінген бланкісі - Куәлік бүлінген жағдайда.

Қызметтің уақытша тоқтауы үшін қажет:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының "Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру туралы өтініш нысанын бекіту туралы" 2006 жылғы 29 желтоқсанындағы N 666 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4538 болып тіркелген) бекітілген форма бойынша қызметті уақытша тоқтатуға арызды салық органына тіркеу орны бойынша беру. Арыз 12 айдан аспайтын кез-келген күнтізбелік кезеңде ұсынылады;

2) Салық кезеңінің басынан қызмет тоқталған күнге дейін құрылатын салық есептілігін ұсыну.

Жеке кәсіпкер ретінде есептен шығару келесі жағдайларда жүзеге асады:

Жеке кәсіпкерлік:

1) жеке кәсіпкердің өзімен қабылдаған шешім негізінде еркін тәртіпте қызметті тоқтатқан кезде;

2) міндеттеп қызметті тоқтатқан кезде;

3) жеке кәсіпкер қабілетсіз болып саналған кезде;

4) қайтыс болған туралы жариялаған немесе қайтыс болған кезде.

Ортақ кәсіпкерлік:

1) барлық қатысушылармен бірге қабылданған шешім негізінде еркін тәртіпте қызметтің тоқтауы кезінде;

2) міндеттеп қызметті тоқтатқан кезде;

3) қайтыс болған туралы жариялаған немесе қайтыс болған кезде немесе жеке кәсіпкер жалғыз қалса немесе ортақ кәсіпкерліктің біреуі де қалмаған жағдайда;

4) некені бұзғанда мүлікті бөлу кезінде.

Міндеттеп жеке кәсіпкерліктің қызметі келесі жағдайларда сот шешімімен тоқтатылады:

1) оны банкрот деп танылғанда;
2) түзетілмейтін сипаттағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылығын тіркеу кезінде жіберумен байланысқан жеке кәсіпкердің әрекетсізтірін мойындау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының қатаң бұзушылығымен және күнтізбелік жыл ішінде бірнеше рет қызметті жүзеге асыру.

Жеке кәсіпкерліктің тоқтауы туралы шешім қабылдаған кезде қажет:

1) салық органына қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлау - шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде;

2) кәсіпкерлік қызметі тоқтаған күніне дейін салық кезеңінің басталуымен құрылған таралған салық есептілігін ұсыну;

3) кәсіпкерлік қызметтің таралуы салық есептілікпен байланысты салық тексеруді жүргізу туралы арызды ұсыну.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен алып тастау үшін қажетті құжаттарды ұсыну қажет:

1) крестьян (фермерлік) шаруашылық, физикалық тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалды қызметті Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрінің м.а. "Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген 007.00 нысаны бойынша жүзеге асырушы салық төлеуші есебінен алып тастауға арыз;

2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (Куәлік дубликаты);

3) ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлігі (Куәлігі дубликаты), егер жеке кәсіпкер ретінде тіркелсе;

1) Салыстыру актісін алуға арыз.

Салық органына берілетін арыз салық төлеушімен қол қойылады және салық төлеушінің мөрімен мөрленеді (бар болған кезде). Салық төлеуші - физикалық тұлға болмаған кезде немесе қабілетсіз болған кезде арыз оның өкілетімен қол қойылады және мөрленеді.

13. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті алуға арыз бланкісін ақысыз түрде Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында алуға болады. 002.00 және 007.00 нысаны бойынша арыз бланкісін қағазда inis.taxkz.kz сайтынан шығаруға болады ("Нормативті құжаттар" бөлімі, "Салық төлеушіні тіркеу" бөлімшесі) немесе типографиялық ұйымдарда, салық органдары мекемелерінде осыған арнайы арналған жерлерден алуға болады.

14. Жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушісін тіркеу процедурасынан өту үшін, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Барлық құжаттарды өткізуді растау құжаттары келесі:

1) салық төлеушілерде қалатын арыздың екінші данасында салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы, код және қабылдау күні қойылған салық төлеушілерді тіркеуге арызды қабылдау, тіркеу мәліметтерін өзгерту туралы және есептен шығару туралы салық органы қызметкерімен белгі;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырындағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген физикалық және заңды тұлғаның қарау Ережелерінің N 3 қосымшасымен белгіленген форма бойынша талон беру (бұдан әрі - талон).

16. Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушісінің куәлігін, Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушісінің куәлігі дубликатын Сіз салық органдары Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарының тиісті "терезеден (-лерінен)" ала аласыз.

17. Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушісін тіркеу бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе бас тартуға негіздеме құжаттардың толық пакетін бермеуі болып табылады.

Қызметті уақытша тоқтатудан бас тарту туралы хабарлама келесі жағдайда б а ғ ы т т а л а д ы :

- 1) салық қарызының болуы;
- 2) кәсіпкерлік қызметі тоқтаған күніне дейін салық кезеңінің басталуымен құрылған таралған салық есептілігін ұсынбау.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық е т е д і :

- 1) жеке кәсіпкер ретінде тіркеу процедурасы туралы толық ақпарат беру;
- 2) қызмет көрсету кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау ;
- 3) салық есептілік формалары бланкілерін төлеуден басқа жеке кәсіпкер ретінде тіркеу бойынша ақысыз қызмет көрсету;
- 4) салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары

қызметкерлері тарапынан жылы қарым-қатынас жасау;

5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттарының құпиялылығын сақтау және қорғалу.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері тұтынушылармен осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа көрсеткіштерімен және қол жеткізушілігімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік органның, мекеменің немесе басқа субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа көрсеткіштері және қол жеткізушілігінің толық мағынасы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтарымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органы қызметкерінің іс-әрекетін (әрекетсіздігін) шағымдау тәртібі туралы ақпаратты алуға болады:

1) салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарындағы ақпараттық қабырғаларынан;

2) www.salyk.kz сайтында (Ақпараттық материалдар бөлімі/Жаңалықтар).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгініс ету;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz

;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар ж ə ш і г і а р қ ы л ы ;

б) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қаласы, Победа даңғылы, 11.

23. Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым қабылдау ретінде қағаз тасымалдаушысында ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон болады. Талонда шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру тәртібі және қарастыру қорытындысы туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қ а б ы л д а ғ а н а д а м н а н ;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат ж о л д а у а р қ ы л ы б і л у г е б о л а д ы .

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс туралы ақпарат

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 3 қосымшасында келтірілген;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 4 қосымшасында келтірілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

2) нормативтік құқықтық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастыра;

3) салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық

комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатыса.

" Жеке кәсіпкерлерді тіркеу"
 мемлекеттік қызмет көрсетудің
 стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	53%	43,4%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	75,5%	71,7%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50,5%	40,6%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	89,3%	86,6%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50%	39,9%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	80,6%	75,8%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,18%	0,2%
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған			

негізделген (үлесі)	шағымдардың	%	100%	97%	96,4%
4.3.	шағымданудың	қолданыстағы			
тәртібіне	қанағаттанған	тұтынушылардың % (үлесі)	100%	97%	96,4%
4.4.	шағымдану	мерзіміне			
қанағаттанған	тұтынушылардың	%	100%	97%	96,4%
(үлесі)					
5. Сьпайылық					
5.1.	қызметкерлердің	сыпайылы-			
ғына	қанағаттанған	тұтынушылар-	90%	54,4%	45,5%
дың % (үлесі)					

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kz сайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 469 бұйрығымен бекітілген

"Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. "Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу - бұл салық органдарының салық төлеушінің электрондық сандық қолын беру, жою және ауыстыру бойынша салық органдарының қызметі.

2. "Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу қызметі автоматтандырылмаған.

3. "Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу қызметін ұсыну қызметі Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 68-70-баптары негізінде ұсынылады.

4. "Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу қызметін Қазақстан Республикасының салық органдары көрсетеді.

5. Салық төлеушіні "электрондық" салық төлеуші ретінде тіркеу қызметінің аяқталу (нәтижесі) формасы:

1) "Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кіріс министрлігінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Нормативтік

құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу есебі Ережесінің 009.02 нысаны бойынша салық органы мен салық төлеуші арасында екі жақтық Келісім және ақпараттың электрондық тасымалдаушыға (floppy диск, CD-диск) жазылған сандық электрондық қолын салық төлеушіге беру;

2) "электрондық" сандық қолды ауыстыру;

3) "электрондық" сандық қолды жою болып табылады.

6. Салық төлеушіні "электронды салық төлеуші" ретінде тіркеу қызметі Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен заңды және жеке тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыт бойынша шектеулер мерзімі:

1) қажетті құжаттарды салық төлеуші өткізген сәттен бастап қызмет көрсету мерзімі - "электрондық" сандық қолды тіркеу, бас тарту немесе ауыстыруға өтініш берген сәттен бастап 2 жұмыс күні;

2) "электрондық" сандық қолды тіркеу, бас тарту немесе ауыстыруға өтініш берген сәттен бастап кезекте ең ұзақ күту мерзімі - 20 минут;

3) "электрондық" сандық қолды алу, бас тарту немесе ауыстыруға өтініш берген сәттен бастап кезекте ең ұзақ күту мерзімі - 20 минут;

8. Белгіленген өтініш формасының құнынан басқа "электрондық" салық төлеуші ретінде тіркеу қызметі тегін көрсетіледі.

9. "Электрондық" салық төлеуші ретінде тіркеу қызметі бойынша мемлекеттік қызмет көрсету Стандарты:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық қызметі сапасы" web-порталында: www.salyk.kz сайтында;

2) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының ақпараттық стендтерінде;

3) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының салық төлеушілерге тарататын материалдарға арналған сөрелерде, жәшіктерде, столдарда орналасқан.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. "Электронды салық төлеуші" ретінде тіркеу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) Салық органымен электрондық құжаттармен алмасу туралы салық органына өтініш беру (009.00 нысаны) (тіркеуге өтініш) және электрондық құжат алмасу кезінде электрондық сандық қолды пайдалану және тану туралы Келісім (009.02 нысаны) (Келісім). Тіркеу және Келісімге өтініш формасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрінің м.а. "Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен бекітілген;

2) Тіркеу және Келісімге өтінішті тұрғылықты жері бойынша салық органы Ақпаратты өңдеу және қабылдау орталығына екі дана етіп өткізеді. Тіркеуге арналған өтініштің бір данасы сізге қайтарылады, екіншісі одан әрі өңдеуге салық органында қалады. Қызмет көрсету үшін белгіленген мерзім өткен соң, Келісімнің екінші данасы сізге өңдеу туралы белгі соғылып қайтарылып береді;

3) Тіркеу және Келісімге өтінішке салық төлеуші қол қояды және салық төлеушінің мөрімен расталады. Салық төлеуші - заңды тұлға болмаған немесе әрекет қабілетсіз болған жағдайда тіркеу және келісімге өтінішке оның өкілі қол қояды және растайды.

Электрондық сандық қолдан бас тартқан немесе ауыстыру қажет болған жағдайда:

1) Салық органымен электрондық құжаттарды алмастырудан бас тарту немесе кіліттік контейнерін ауыстыру туралы салық органына өтініш беріледі (009.01 нысаны) (бас тарту немесе ауыстыру туралы өтініш). Бас тарту немесе ауыстыру туралы өтініш формасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрінің м.а. "Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен бекітілген;

2) Бас тарту немесе ауыстыру туралы өтінішті тұрғылықты жері бойынша салық органы Ақпаратты өңдеу және қабылдау орталығына екі дана етіп өткізеді. Тіркеуге арналған өтініштің бір данасы сізге қайтарылады, екіншісі одан әрі өңдеуге салық органында қалады. Қызмет көрсету үшін белгіленген мерзім өткен соң, Келісімнің екінші данасы сізге өңдеу туралы белгі соғылып қайтарылып береді;

3) Бас тарту немесе ауыстыру туралы өтінішке салық төлеуші қол қоюы және салық төлеушінің мөрі (болған жағдайда) басылған болуы керек. Салық төлеуші - заңды тұлға болмаған немесе әрекет қабілетсіз болған жағдайда бас тарту немесе ауыстыру туралы өтінішке оның өкілі қол қояды және растайды.

13. Өтініш бланкілерін www.taxkz.kz сайтынан ("Нормативтік құжаттар" бөлімі) және ("Нормативтік құжаттар" бөлімі, "Салық төлеушілерді тіркеу" бөлімшесінен) inis.taxkz.kz сайтынан қара-ақ форматта қағаз тасымалдаушыларға шығарып алуға немесе салық органдары ғимаратында арнайы бөлінген орындарда типографиялық ұйымдардан сатып алуға болады.

14. Электрондық сандық қолды тіркеу, бас тарту және ауыстыру туралы өтінішті тіркеу үшін, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Электрондық сандық қолды тіркеу, бас тарту және ауыстыру туралы құжаттарды өткізуді растау ретінде:

1) электрондық сандық қолды тіркеу, бас тарту және ауыстыру туралы өтінішті салық органы қызметкері қабылдауы туралы белгі қояды, онда аты-жөні, қызметкердің қолы, салық органы коды және қабылдау күні қойылады, және салық төлеушіге өтініштің екінші данасы қабылдау туралы белгісі қойылып қ а й т а р ы л ы п б е р і л е д і ;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерінің N 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша талон беру (бұдан әрі - талон).

16. Электрондық тасымалдаушыға жазылған электрондық сандық қолды салық органдары Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарының тиісті "терезеден (-лерінен)" алуға болады.

17. "Электронды салық төлеуші" ретінде тіркеу бойынша қызмет көрсетуден бас тарту қарастырылмаған.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық е т е д і :

1) "электронды салық төлеуші" ретінде тіркеу бойынша қызмет көрсетудің рәсімі туралы толық ақпарат беру;

2) қызмет көрсету кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау ;

3) "электронды салық төлеуші" ретінде тіркеу бойынша, өтініш бланкілерінен төлемінен басқа, тегін қызмет көрсету;

4) салық органдары Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас жасау;

5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыс нәтижесі

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарт қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік органның, мекемелердің және басқа да мемлекеттік қызмет көрсетуші субъектілердің жұмысы соған қарай бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мақсаттық маңызын жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органдары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты:

1) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары стендтерінен;

2) www.salyk.kz сайтынан (Ақпараттық материалдар/Жаңалықтар бөлімінен).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгініс ету;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері Бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz

;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар ж ə ш і г і а р қ ы л ы ;

б) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы Бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым қабылдау ретінде қағаз тасымалдаушысында ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон болады. Талонда шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру барысы және қарастыру нәтижесі туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қ а б ы л д а ғ а н а д а м н а н ;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат ж о л д а у а р қ ы л ы б і л у г е б о л а д ы .

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс туралы ақпарат

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 3 қосымшасында келтірілген;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 4 қосымшасында келтірілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

2) нормативтік құқылық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастыра;

3) салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық

комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатыса.

"Электронды салық төлеуші" ретінде салық төлеушілерді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына

ҚОСЫМША

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	55,4%	46,7%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың %(үлесі)	90%	79,4%	76,8%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,8%	46%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	87,5%	84,4%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	53,6%	44,5%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың %(үлесі)	100%	82,3%	77,9%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,18%	0,2%

4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	96,5%	95,6%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	96,5%	95,6%
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	96,5%	95,6%
5. Сьшайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	58,2%	50,2%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kz сайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

19 ж е л т о қ с а н д а ғ ы 2 0 0 7 ж ы л ғ ы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН-код)" беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН-код) беру - бұл ЖСН-код беру және ЖСН-код алуға өтініштерді қабылдау бойынша салық қызметі органдарының акцизделген товарлардың кейбір түрлерінің өндірісі және айналымына, акциз төлемдерінің дұрыс және уақтылы аударылуына (ЖСН-код алу қызметі) бақылау жүргізу және реттеуді жүзеге асыруға арналған қызметі.

ЖСН-код - мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушіге (импорттаушыға), сондай-ақ Қазақстан Республикасында өндірілетін және еркін айналыс үшін тауар шығарудың кедендік режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген акцизделетін тауарлардың әрбір түріне берілетін дербес сәйкестендіру нөмірі:

- 1) темекі өнімдерінің маркалары/атаулары бойынша;
- 2) этил спирті түрлері/атауы бойынша, алкоголь өнімдері (сырадан басқа);
- 3) бензин маркасы бойынша (авиациялық бензиннен басқасы), дизелдік отын және мазут.

2. ЖСН-код алу қызметі жартылай автоматтандырылған.

3. ЖСН-код алу қызметі 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының "Темекі өнімдері өндірісі және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2003 жылдың 8 қазандағы N 336 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2543 болып тіркелген) бекітілген Ілеспе жүк құжаттарын ресімдеу Ережесінің 32-тармағы 9-тармақшасы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 маусымдағы N 266 "Авиациялық дизельдік отыннан басқа, бензин ЖСН-коды құрылымын бекіту туралы" бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 24 маусымдағы N 259 "Этил спирті және алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа) жеке сәйкестендіру номер-кодтарын бекіту туралы" бұйрығы негізінде ұсынылады.

4. ЖСН-кодын беру қызметін Қазақстан республикасының салық органдары көрсетіледі.

5. Салық органының бланкісінде өнімдер түрлерінің тізімі және оларға берілген ЖСН-кодтар көрсетілген ЖСН-кодын беру туралы хабарлама көрсетілген мемлекеттік қызметтің аяқталу (нәтижесі) формасы болып табылады. Әрбір товар маркасы/атауына жеке ЖСН-коды беріледі.

6. ЖСН-код беру қызметі Қазақстан Республикасында өндіріс немесе импорт саласында Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ тәркіленген, иесіз қалған төмендегі өнім түрлеріне ұсынылады:

- 1) темекі өнімдері;
- 2) этил спирті және алкоголь өнімдері (сырадан басқа);
- 3) бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизелдік отын және мазут.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде шектеу мерзімі:

1) Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар товарларына жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН-код) беру бойынша қызмет көрсету мерзімі:

темекі өнімдерін өндіру және айналымы саласында - кем дегенде айдың 1-не дейін 30 күнтізбелік күн, онда өтініш беруші темекі өнімдерінің жаңа маркаларын сатуды жүзеге асырады;

этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа), бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизелдік отын және мазут өндіру және айналымы саласында -

өтініш алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде;

2) ЖСН-кодын алуға өтінішті өткізу кезінде кезекте ең ұзақ күту уақыты - 20 минут ;

3) ЖСН-кодын алу туралы хабарлама алған кезде кезекте ең ұзақ күту уақыты - 20 минут ;

4) ЖСН-кодын беруге өтініш беріледі: темекі өнімдерін өндіру және айналымы саласында - кем дегенде айдың 1-не дейін 30 күнтізбелік күн, онда өтініш беруші темекі өнімдерінің жаңа маркаларын сатуды жүзеге асырады;

этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа), бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизелдік отын және мазут өндіру және айналымы саласында - этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа), бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизелдік отын және мазут жаңа түрлерін сатуды жүзеге асырғанға дейін.

8. Салық органдары ЖСН-кодын беру қызметін тегін негізде жүргізеді.

9. Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар товарларына жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН-код) беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық қызметі сапасы" web-порталында: www.salyk.kz орналасқан;

2) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының ақпараттық стендтерінде ;

3) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының салық төлеушілерге тарататын материалдарға арналған сөрелерде, жәшіктерде, столдарда орналасқан.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Акцизделген өнімнің тиісті түріне ЖСН-код алу қызметі бойынша тиісті акциздік өнімді шығару және сату орны бойынша ЖСН-код алу үшін олардың тізімін қағаз және электронды тасымалдауыштарда қоса салық органына почта

арқылы немесе апарып беру арқылы ұсыну қажет. ЖСН-код алуға өтінішке салық төлеуші қол қояды және салық төлеушінің мөрімен расталады. Қажетті құжаттарды қағаз тасымалдауышта апарып берген кезде, ЖСН-код алуға өтініш екі дана түрінде ұсынылады.

ЖСН-код алуға өтініш төмендегі нысандар бойынша ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 133 "Темекі өнімдеріне жеке сәйкестендіру нөмірлерді-кодтарды беру Ережелерін бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2785 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша - темекі өнімдеріне;

2) этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа) - төмендегі мәліметтері бар еркін нысанда:

реттік номері;
субъект атауы;

этил спирті түрі және/немесе алкоголь өнімдері (спирт, арақ, шарап, күшті және аз градустық ликер өнімдері, коньяк, бренди);

этил спирті түрі және/немесе алкоголь өнімдері;

ыдыс;

этил спиртінің проценттік құрамы.

3) мұнай өнімдерінің жеке түрлеріне - төмендегі мәліметтер бар еркін нысанда:

бензин, дизель отын және мазут өндіруші және импорттаушы (авиациялық бензиннен басқасы) жаңа тіркелген заңды тұлғаға және жеке кәсіпкерге ЖСН-код берілген жағдайда:

реттік номер;
облыс атауы;

заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер атауы;

С Т Н .

бензин, дизель отын және мазут өндіруші және импорттаушы (авиациялық бензиннен басқасы) тізіліміне ЖСН-код берілген жағдайда:

реттік номер;
облыс атауы;

кәсіпорын атауы;

С Т Н .

бензин, (авиациялық бензиннен басқасы) дизель отын және мазут маркасы;

нормативтік құжат номері, техникалық жағдай;

сапа сертификаты туралы деректері (номері, берілген күні т.б.).

Қазақстан Республикасы кедендік аумағына бірнеше шаруашылық етуші субъектілер көрсетілген бірдей товар түрлерінің маркалары/атауын импорттаған

жағдайда ЖСН-код беруді әрбір шаруашылық етуші субъект жеке береді.

Өнімдерге сәйкес товарлар тізімі:

1) темекі өнімдерін өндіру және айналымы саласында - темекі өнімдерінің маркасы, атауы, қорапта немесе орамдағы темекі өнімдері бірлігінің саны және с ү з б е с і б о л у ы ;

2) этил спирті және алкоголь өнімінің (сырадан басқа) өндіріс және айналым саласында - өнім атауы, пайдаланылған ыдыс көлемі және товар тобы к ө р с е т і л г е н б о л у ы ;

3) мұнай өнімдері өндірісі және айналымы саласында - бензин, (авиациялық бензиннен басқасы) дизель отын және мазут маркасының атауы, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжат номері көрсетілген болуы керек.

13. Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына ЖСН-код беруге өтінішті:

1) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығынан тегін а л у ғ а ;

2) www.salyk.kz сайтынан ("Салық заңдары" бөлімі, "Салықтық есептілік") б ө л і м ш е с і н е н б а с ы п ш ы ғ а р у ғ а ;

3) "Юрист", "Закон" т.б. нормативтік базалардан алуға болады.

14. ЖСН-кодын алу қызметін пайдалану үшін, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына ЖСН-код беруге өтінішті қабылдауды растау р е т і н д е :

қажетті құжаттарды қағаз тасымалдаушыда әкеліп берген жағдайда:

1) салық органы қызметкерінің ЖСН-код беруге өтінішті қабылдау туралы белгі қояды, онда аты-жөні, қызметкердің қолы, салық органы коды және қабылдау күні қойылады, және салық төлеушіге өтініштің екінші данасы қабылдау туралы белгісі қойылып қайтарылып беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерінің N 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша талон беру (бұдан ә р і - т а л о н) .

қажетті құжаттарды почтамен жіберген кезде - конвертте почталық мөрмен бірге жіберілген күні көрсетілуі керек.

16. ЖСН-код алу туралы хабарламаны Сіз салық органдары Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтарының тиісті "терезеден (-лерінен)" ала аласыз.

17. ЖСН-код беру туралы қызмет көрсетуден бас тарту жағдайлары:

1) Қазақстан Республикасының "Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодекстің 531-бабына сәйкес салық салуға байланысты, салық салынатын объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасы б о л м а ғ а н ж а ғ д а й д а ;

2) өндірісті және акцизделген өнімдердің жекелеген түрлері айналымы мемлекеттік реттеу салаларында заң талаптарына сәйкессіздік кезде;

3) дұрыс емес мәліметтерді ұсынған кезде.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық е т е д і :

1) акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына ЖСН-код беру;

2) қызмет көрсету кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау ;

3) акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына ЖСН-код алу бойынша тегін қызмет көрсету;

4) салық органдары Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас жасау;

5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғалу.

4. Жұмыс нәтижесі

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарт қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік органның, мекемелердің және басқа да мемлекеттік қызмет көрсетуші субъектілердің жұмысы соған қарай бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мақсаттық маңызын жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органдары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану т ә р т і б і т у р а л ы а қ п а р а т т ы :

1) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары
с т е н д т е р і н е н ;

2) www.salyk.kz сайтынан (Ақпараттық материалдар/Жаңалықтар бөлімінен).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгініс ету ;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу ;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген ;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz ;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар жәшігі арқылы ;

6) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген ;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым қабылдау ретінде қағаз тасымалдаушысында ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон болады. Талонда шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру тәртібі және қарастыру қорытындысы туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қабылдаған адамнан ;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат жолдау арқылы білуге болады.

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс туралы ақпарат

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 3 қосымшасына сәйкес;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 4 қосымшасына сәйкес.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

2) нормативтік құқықтық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастырады;

3) салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатысады.

"Акцизделген өнім мен мазуттың кейбір түрлерін шығарушылар мен импорттаушылар тауарларына жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН-код)" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			

1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	53%	43,4%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	75,5%	71,7%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50,5%	40,6%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	96,7%	95,9%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50%	39,9%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	91,1%	88,9%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,1%	0,1%
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	99%	99%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	99%	99%
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	99%	99%
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,4%	45,5%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kz сайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы 2 0 0 7 ж ы л ғ ы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерін тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Салық салумен байланысқан объектілері мен салық салу объектілерінің тіркеу есебі - салық төлеушіге қатысты салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілерінің салық органдарында есепке қою, өзгерістерді тіркеу, есептен шығару.

2. Салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілерін тіркеу бойынша қызметі кей жерлерінде автоматтандырылған.

3. Салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілерін тіркеу бойынша қызметі Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 397 және 531-баптары негізінде ұсынылады.

2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,8%	46%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	-	-	-
3. Қол жетімділік			

3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	53,6%	44,5%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	89,6%	87%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	4,2%	5,2%
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	91%	88,8%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	91%	88,8%
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	91%	88,8%
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	58,2%	50,2%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kzсайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 469 бұйрығымен бекітілген

"Салықтардың, бюджетке басқа міндетті төлемдердің, баждардың төленген сомаларына есептеу мен қайтару өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Бюджетке артық немесе қате төленген соманы есепке жатқызу (есепке жатқызу) бойынша қызмет көрсету - бұл салық органының бюджетке артық немесе қате төленген соманы басқа салық міндеттерін өтеу есебіне жатқызу ж ө н і н д е г і о п е р а ц и я с ы .

Бюджетке артық немесе қате төленген соманы қайтару (қайтару) бойынша қызмет көрсету - салық органының есепке жатқызу бойынша операция жүргізілгеннен кейін бюджетке артық немесе қате төленген соманы салық төлеушінің банктік шотына қайтару бойынша операциясы.

Салықтың, төлемақының, өсімпұлдың артық төленген сомасы - бұл өткен салық кезеңдеріндегі салықтың, төлемақының, өсімпұлдың осы түрі бойынша міндеттемелер ескеріле отырып, салықтың, төлемақының, өсімпұлдың салық кезеңінде бюджетке төленген және төлеуге есептелген сомалары арасындағы а й ы р м а .

Осы стандартта төлемақы деп жер учаскелерін пайдаланғаны, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны, қоршаған ортаға эмиссия, радио желілік спекторын пайдаланғаны, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын бергені үшін төлемақылар танылады.

Қате келіп түсу - бұл мынадай қателіктер жіберілген аудару кезіндегі келіп т ү с у :

- 1) СТН салық төлеушінің (салық агентінің) атауына сәйкес келмейді;
- 2) салық органының-алушының СТН дұрыс көрсетілмеген;
- 3) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем тапсырмасын дұрыс рәсімдемеуі;
- 4) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салықты және басқа да міндетті төлемдерді қателікпен екі р е т а у д а р у ы ;

5) төлемнің мәтіндік тағайындауы төлем тағайындау кодына және кірістерді бюджеттік сыныптау кодына сәйкес келмеуі;

6) салық төлеушінің (салық агентінің) осы салық органында тіркелу деректерінің б о л м а у ы ;

7) салық төлеуші салықтың немесе басқа да міндетті төлемдердің осы түрі бойынша төлеуші болып табылмайды.

2. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызмет көрсету ішінара автоматтандырылған.

3. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызмет көрсету "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 39-40-баптары негізінде жүргізіледі.

4. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызметті Қазақстан Республикасының салық органдары көрсетеді.

5. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызмет көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) салық органының артық (қате) төленген соманы бір бюджеттік сыныптаудан басқасына және/немесе бір салық органынан басқасына есепке жатқызуды, сондай-ақ артық төленген салықтардың, басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдар сомасын салық төлеушінің банктік шотына қайтаруды жүзеге асыруы болып табылады.

6. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызмет Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

есепке жатқызу бойынша - 10 жұмыс күні;

қайтару бойынша - 15 жұмыс күні;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт - 20 минут.

8. Есепке жатқызу және қайтару бойынша қызмет, белгіленген нысандағы өтініштер бланкілерін қоса алғанда, ақылы болып табылады.

9. Есепке жатқызу және қайтару бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты:

1) www.salyk.kz мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті web-порталының "Салық қызметтерінің сапасы" бөлімінде;

2) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы ақпараттық стенділерде;

3) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы салық төлеушілерге таратуға арналған материалдар үшін орнатылған сөрелерде, жәшіктерде, столдарда орналастырылған.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізу үшін мыналар қажет:

1) есепке жатқызу үшін мына құжаттарды ұсыну:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының " Жеке шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2672 болып тіркелген) бекітілген Жеке шоттарды жүргізу ережелері белгілеген нысан бойынша артық (қате) төленген салық сомасын есепке жатқызуға өтініш (есепке жатқызуға өтініш);

салық органы жасаған салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есептерді салыстыру актісі (салыстыру актісі);

бюджетке кеден төлемдері мен салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша төлем құжаттарының көшірмесі - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салықтардың артық төленген сомасын есепке жатқызу кезінде;

бюджетке кедендік төлемдердің және салықтардың, өсімпұлдың артық (қате) төленген сомасының бар екендігі туралы кеден органдарының растамасы - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салықтардың артық төленген сомасын есепке ж а т қ ы з у к е з і н д е ;

2) қайтару үшін мынадай құжаттарды ұсыну:

артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын қайтаруға өтініш (қайтаруға өтініш);

с а л ы с т ы р у а к т і с і ;

салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер, өсімпұлдар төлеу туралы төлем құжатының түпнұсқасы немесе көшірмесі. Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер, өсімпұлдар төлеу туралы төлем құжатының түпнұсқасы немесе көшірмесі жоғалған жағдайда артық төленген салық және басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар сомасын қайтару салық органдарының артық төленген соманың болуын растайтын құжаттары негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы ;

бюджетке кедендік төлемдер мен салықтарды, өсімпұлдарды төлеу туралы төлем құжатының көшірмесі - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салықтардың артық төленген сомасын қайтару кезінде;

бюджетке кедендік төлемдердің және салықтардың, өсімпұлдың артық төленген сомасының бар екендігі туралы кедендік төлемдер мен салықтар, өсімпұлдар төленген жер беретін кеден органының растамасы;

3) есепке жатқызу немесе қайтару құжаттарын таңдау бойынша - өзі келу

тәртібімен қағаз тасығышта, почта арқылы немесе электронды түрде ұсыну (тіркеуші және уәкілетті органдар қосымша салық құжаттарды талап етпеген жағдайда, есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу үшін).

Есепке жатқызу немесе қайтару құжаттарын электронды түрде ұсыну мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

салық органы офисінен "Салық төлеушіге арналған клиенттік қосымша (e-INIS-Client)" бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы. Салық органдарының телекоммуникация және компьютер жабдықтарын пайдалану мүмкіндігі ақысыз негізде ұсынылады;

салық төлеушінің (салық агентінің) Интернет желісіне қол жетімділігі бар жұмыс орнындағы немесе үйдегі компьютерінен. Есепке жатқызу немесе қайтару құжаттарын электронды түрде жұмыс орнындағы немесе үйдегі компьютерде өз бетінше толтыру үшін мыналарды орнату қажет:

ХКЖЖ бағдарламалық қамтамасыз ету;
e-INIS-Client бағдарламалық қамтамасыз ету.

4) есепке жатқызу немесе қайтару өтінішін электронды түрде ұсыну үшін салық органы берген электрондық сандық қол қоюдың болуы;

5) Қазақстан Республикасы кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салықтардың бюджетке артық немесе қате төленген сомасын есепке жатқызу құжаттары тек қағаз тасығышта және почта арқылы тапсырылуы мүмкін;

6) есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу үшін құжаттар ұсыну: салықтар, төлемдер, өсімпұлдар бойынша - артық немесе қате төленген жер бойынша Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығына;

кедендік төлемдер және салықтар, өсімпұлдар бойынша - төлем жүргізілген кеден органы тіркелген жер бойынша Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығына.

7) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтару кезінде мынадай септердің болуы:

а) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төменде берілген түрлері бойынша уәкілетті (тіркеуші) органға құжаттарды тапсырғанға дейін құжаттарды тіркеуді, есепке алуды немесе қабылдауды жүргізуден бас тарту:

бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым;

жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым;
жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді

мемлекеттік тіркегені үшін алым;
жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің
ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;
радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды
мемлекеттік тіркегені үшін алым;
көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым;
дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым;
туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен
сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды
мемлекеттік тіркеу үшін алым;

б) аукционнан алынатын алымдарды қайтару кезінде соттың аукцион
заттарын сату-сатып алу мәмілелерін жарамсыз деп тануы;

в) орманды пайдаланғаны үшін төлемақыны қайтару кезінде Қазақстан
Республикасының орман заңнамасына сәйкес құзыреттері шегінде ормандардың
тозуы немесе апатқа ұшырауы қаупі туындаған кезде Қазақстан Республикасы
Үкіметінің немесе орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның орман
ресурстарын пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдауы;

г) мемлекеттік бажды қайтару кезінде:

баж талапкер өз талаптарын азайтатын жағдайларды қоспағанда, Салық
кодексі бойынша талап етілгеннен көбірек мөлшерде енгізу;

арыздар (шағымдар) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тарту,
сондай-ақ нотариустар немесе осыған уәкілетті адамдар нотариаттық
іс-әрекеттерді жасаудан бас тартуы;

іс жүргізу тоқтатылған немесе, егер іс соттың қарауына жатпайтын болса,
сондай-ақ талапкер осы істер санаты үшін белгіленген дауды алдын ала шешудің
тәртібін сақтамаған не талап қоюды әрекетке қабілетсіз адам табыс еткен
жағдайда талап қоюды қараусыз қалдыру;

мемлекеттік бажды төлеген адамдар заңдық маңызы бар іс-әрекеттерді
жасаудан немесе осы заңдық маңызы бар іс-әрекеттердің жасаған органға
жүгінгенге дейін құжатты алудан бас тарту;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де жағдайлар;

8) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төменде берілген
түрлерін қайтару үшін қосымша құжаттар ұсыну:

егер басқа да міндетті төлемдер сомасын есептеу бойынша міндет уәкілетті
органға жүктелген болса, басқа міндетті төлемдердің артық төленген сомасын
қайтару бойынша уәкілетті органдардың шешімі (қорытындысы). Уәкілетті
органдардың артық төленген соманы қайтаруға шешімі (қорытындысы)
бюджетке төленетін міндетті төлемдердің мынадай түрлерін қайтару кезінде

т а л а п

е т і л е д і :

аукциондардан алынатын алым;
бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін
пайдалануға рұқсат беру үшін алым;
орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;
м е м л е к е т т і к б а ж .

төлемді қайтару қажеттілігі туралы шешімі бар тиісті тіркеуші орган берген құжат. Бюджетке төменде берілген алымдарды төлеуді жүргізген жағдайда, бірақ төлем жүргізілген органға тіркелу әрекеттерін жүргізілмесе, төлемді қайтару қажеттілігі туралы шешімі бар тиісті тіркеуші орган берген құжатты ұсынуыңыз қ а ж е т :

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым;

жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым;
жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым;

жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым;
дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым.

13. Белгіленген нысандардағы өтініштер бланкілерін Сіз салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарынан, сондай-ақ www.salyk.kz ("Салық консультациясы" бөлімі, "Жеке шоттарды жүргізу ережелері" бөлімшесі) және inis.taxkz.kz ("Нормативтік құжаттар" бөлімі, "Жеке шоттар" бөлімшесі) web-сайтынан ала аласыз.

14. Есепке жатқызу және қайтару өтініштерін қағаз тасығыштарда ұсыну үшін тиісті құжаттарды салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

Есепке жатқызу және қайтару өтініштерін электронды түрде ұсыну үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің e-INIS-Client бағдарламалық қамтамасыз етуінің "Есепке жатқызу және қайтару" режиміне тиісті есепке жатқызу немесе қайтару өтінішін енгізу қажет.

15. Қағаз тасығыштарда ұсынылған есепке жатқызу және қайтару үшін қажетті құжаттарды тапсыруды растаушы мыналар болып табылады:

1) салық органы қызметкерінің өтініштің салық төлеушіде қалатын екінші данасына қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, кіріс нөмірі және қабылдаған күні қойылатын өтінішті қабылдау туралы белгісі;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы "N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерінің N 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша талон беру (б ұ д а н ә р і - т а л о н) .

Электронды түрде ұсынылған есепке жатқызу және қайтару үшін қажетті құжаттарды тапсыруды растаушы өтінішті жолдау күні, өтініштің Салық комитетінде қаралу нәтижесін алу күні және өтініштің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің e-INIS-Client бағдарламалық қамтамасыз етуінің "Есепке жатқызу және қайтару" режиміндегі қысқаша сипаттамасы туралы ақпарат және қосымша құжаттарды тапсырған туралы талон болып табылады.

16. Есепке жатқызуды жүргізу туралы салыстыру актісін жасай отырып немесе салық қарыздары, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша қарыздары болмауы (болуы) туралы анықтама немесе жеке шоттан көшірме алу арқылы білуге болады.

Қайтарудың жүргізілуі туралы банктік шоттардың жағдайы туралы мәліметтер бойынша білуге болады.

17. Келесі жағдайларда есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізуден бастартылады :

1) құжаттардың толық емес пакетін ұсыну;

2) қате төленген жағдайларды қоспағанда, басқа да міндетті төлемдердің төленген мына түрлерін бюджеттен қайтаруға болмайды:

автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру алымы ;

жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;

кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;

консульдық алымдар.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық етеді:

- 1) есепке жатқызу және қайтару рәсімі туралы толық ақпарат беру;
- 2) қызмет ұсыну кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау;
- 3) есепке жатқызу және қайтары бойынша ақысыз қызмет көрсету;
- 4) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас жасау;
- 5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Салық есептілігін қабылдау бойынша тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы үлгі стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органдары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты:

1) салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары стендтерінен;

2) www.salyk.kz сайтынан (Ақпараттық материалдар/Жаңалықтар бөлімінен).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына жүгініс ету;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен

ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері Бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен-жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz ;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар ж ә ш і г і а р қ ы л ы ;

6) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы Бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық қызметі органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым қабылдауды өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон растайды. Талонда өтінішті қабылдаған адамның тегі мен инициалы, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру барысы және қарастыру нәтижесі туралы; егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қ а б ы л д а ғ а н а д а м н а н ;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат ж о л д а у а р қ ы л ы б і л у г е б о л а д ы .

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс ақпараты

24. Байланыс туралы ақпараттар:

1) Ақпараттар қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 3 қосымшасында келтірілген;

2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 4 қосымшасында келтірілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жүргізілетін шаралар, сонымен қатар республиканың барлық салық органдарының мекен-жайлары мен телефондары туралы ақпаратты;

2) нормативтік құқылық актілерді және салық салу мәселелері бойынша түсіндірме сипаттағы хаттарды қарастыра;

3) салық салудың әр түрлі мәселелерін және Қазақстан республикасы Салық комитеті ақпараттық жүйелерін талқылау бойынша форумға, сонымен қатар салық төлеушілерді сұрауға қатыса.

"Салықтардың, бюджетке басқа міндетті төлемдердің, баждардың төленген сомаларына есептеу мен қайтару өткізу" мемлекеттік қызмет

көрсетудің стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	90%	55,4%	46,7%
1.2. қызмет алуды кезекте 20 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	79,4%	76,8%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	54,8%	46%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	-	-	-
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	53,6%	44,5%

3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100%	89,5%	86,9%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	100%	90%	85%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	2,1%	2,6%
4.2. белгіленген мерзімде қарал- ған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	95,4%	94,3%
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	95,4%	94,3%
4.4. шағымдану мерзіміне қана- ғаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100%	95,4%	94,3%
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығы- на қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	58,2%	50,2%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 02-01-02/172 "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын анықтау үшін модельдік методикалық нұсқауларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсыныстарға сәйкес есептеледі (www.kuzmet.kzсайты).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

19 ж е л т о қ с а н д а ғ ы 2007 ж ы л ғ ы

N 469 бұйрығымен бекітілген

"Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық түсетін айналымдар бойынша ҚҚС қайтару" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша қосымша құн салығын (ҚҚС) қайтару - ҚҚС бойынша салық қарызын өтеу есебіне ҚҚС есепке алу бойынша салық органының операциясы және салықтың басқа түрлері мен ҚҚС төлеушінің банктік шотына бұрын бюджетке төлеген ҚҚС бойынша товарларға (жұмыс, қызмет көрсету) төленген ҚҚС қайтару.

Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдарға мынадай айналымдар

ж а т а д ы :

1) экспортқа шығарылған товарларды сату бойынша айналымдар;
2) Қазақстан Республикасы резиденттерінің аффинирленген құнды металдарды - алтын, платина, жеке өндіріс шикізатынан дайындалған бұйымдарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі және қаржы ұйымдарына с а т у б о й ы н ш а а й н а л ы м д а р ы ;

3) халықаралық тасымалдау бойынша төмендегі қызмет түрлерін көрсету б о й ы н ш а а й н а л ы м д а р :

товарларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын п о ч т а л а р д ы т а с ы м а л д а у ;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жүктерді т а с ы м а л д а у ;

халықаралық хабарламада жолаушылар мен жүктерді тасымалдау;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексі (Салық кодексі) 140-1-бабының 1 тармағы 3) тармақшасында және " Астана - жаңа қала" АЭА көрсетілген АЭА аумағында қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік бағыттағы нысандарды пайдалануға беру және құрылыс кезінде толық пайдаланылған товарларды АЭА аумағында жүзеге асыру бойынша айналымдар;

5) инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан жеке өнімі товарларын сату бойынша айналым. Осы тармақша жаңа нысандарды салу к е з е ң і н д е қ о л д а н ы л а д ы ;

6) Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында, шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған салық төлеуді жүзеге асыратын жеке өндірісіндегі товарларды сату бойынша айналымдар.

2. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтару қызметі автоматтандырылмаған.

3. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару жөніндегі қызмет Салық кодексінің 252-бабы негізінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 26 маусымдағы N 428 "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша ҚҚС қайтару ережесін бекіту және "Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 13 желтоқсандағы N 637 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығымен бекітілген нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару Ережесіне сәйкес көрсетіледі.

4. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының салық органдарымен көрсетіледі .

5. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару жөніндегі қызметтің аяқталу формасы (қорытындысы):

1) ҚҚС және басқа да салық түрлері бойынша салық қарыздарды өтеу есебінен ҚҚС есепке алу .

Заңды тұлғаларға ҚҚС қайтару ҚҚС және басқа да салық түрлері бойынша құрылымдық бөлімшелердегі салық қарыздарын өтеу есебіне ҚҚС есепке алу арқылы жүргізіледі .

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне ҚҚС қайтару ҚҚС және құрылымдық бөлімшелердегі басқа да салық түрлері бойынша салық қарыздарын өтеу есебіне ҚҚС есепке алу арқылы жүргізіледі;

2) товарларды импорттау кезінде төлеуге жататын ҚҚС есебіне алу;

3) Қазақстан Республикасындағы қосымша құн салығының төлеушісі болып табылмайтын резидент емес тұлғадан жұмыс, қызмет көрсету түрлерін алу кезіндегі төлемге жататын ҚҚС есебіне алу;

4) ҚҚС және басқа да салық түрлерінен салық қарызы болмаған жағдайда - өз бетінше салық төлеуші болып табылатын сіздің құрылымдық бөлімшеңіз ҚҚС және басқа да салық түрлері бойынша салық қарызы есебіне алу;

5) Салық төлеушінің банктік шотына ақша аудару;

6) Салық төлеушінің салық қарызы болмаған жағдайда басқа да салық түрлерін төлеу жөніндегі есепке алу (салық төлеушінің талабы бойынша).

Салықтық тексеру актісімен бекітілген ҚҚС сомасын қайтару (есепке алу) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару туралы өтінімді ұсыну орнына салық органы арқылы жүргізіледі.

ҚҚС төлеушінің банктік шотына ҚҚС қайтару салық қарызы болмаған жағдайда жүргізіледі .

Егер ҚҚС төлеушісі заңды тұлға болып табылса, ҚҚС банктік шотқа қайтару салықтың аталған түрі және басқа да түрлері бойынша оның құрылымдық бөлімшелерінде салықтық қарызы болмаған жағдайда қайтарылады.

6. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару қызметі төмендегі шарттарды орындаған жағдайда ғана ҚҚС төлеушілеріне ғана көрсетіледі :

1) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған товар (жұмыс, қызмет) сатуды үнемі жүзеге асыру ;

2) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған сату бойынша айналым қайтаруға

өтінім берген айдың алдындағы әрбір үшінші айда сату бойынша жалпы айналым бойынша салынған салықтың кем дегенде 70% құрайды;

3) Қазақстан Республикасы заңында белгіленген тәртіп бойынша ашылған ҚҚС төлеушінің салық шотына валюталық түсім түседі, немесе экспортталған товарларды сыртқы товар айырбас (бартер) операциялары бойынша сатып алушы Қазақстан Республикасы аумағына ҚҚС төлеушіге товардың нақты жеткізілуі орындалады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыт бойынша мерзімі шектеулі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тұтынушының қажетті құжаттарды өткізу мерзімінен бастап - 60 жұмыс күні;

2) қажетті құжаттарды өткізу кезінде рұқсат етілген ең ұзақ мерзімі - 20 минут.

8. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша қызметті салық органдары тегін жүргізеді.

9. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің web-порталының "Салық қызметі сапасы" бөлімінде көрсетілген : www.salyk.kz;

2) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарының а қ п а р а т т ы қ с т е н д т е р і н д е ;

3) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарының салық төлеушілерге тарату материалдары үшін бөлінген сөрелерде, жәшіктерде, столдарда орналасқан.

10. Жұмыс тәртібі: жексенбі мен сенбіден басқа күндері 09.00 ден 18.00 сағатқа дейін түскі үзіліссіз. Қызмет түріне алдын ала жазылу қажет емес. Жедел қызмет көрсету тәртібі қарастырылмаған.

11. Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығында желдету, жылу жабдықтары, күту орындары, құжаттарды толтыруға арналған столдар, керексіз қағаздар, шимайжазбаларды жинауға арналған арнайы қондырғылар, анықтамалық, кеңес беру қызметі үшін анықтамалық "терезелер" және тағы басқа жағдайлар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналым бойынша ҚҚС қайтару үшін келесі құжаттарды ҚҚС тіркеу орнына қарай ҚҚС төлеушіні тіркеу бойынша Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығына ұ с ы н ы л а д ы т а б ы с е т у :

тиісті жылға сәйкес салық есептілік толтыру Ережесімен бекітілген 302.00

нысаны бойынша Нөлдік ставка салық салынатын айналым бойынша ҚҚС қайтару туралы өтініш;

ҚҚС бойынша декларациялар өтініште көрсетілген кезеңде және өтініште көрсетілген салық кезеңінің алдыңғы салық кезеңіне беріледі; товарларды экспорттауды растауға қажетті құжаттар; арнайы экономикалық аймақтарда товарды сатуды растауға қажетті құжаттар (А Э А) ;

инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан жеке өнімі товарларын сатуға қажетті құжаттар (жаңа нысандар құрылысы кезеңінде қолданылады);

Қазақстан Республикасы резиденттерімен аффинирленген қымбат металдарды - алтын, платина сатуды растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында, шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған салық төлеуді жүзеге асыратын жеке өндірісіндегі товарларды сатуды растайтын құжаттар ;

Салық органы жүргізген салықтық тексеру актісіне сәйкес қайтаруға ұсынылған немесе салықтық тексеру актісіне салық органы қорытындысымен анықталған салық сомасының дұрыстығын анықтау.

Товарларды экспорттауды растаушы құжаттар:

экспорттаушы ел салық төлеушісімен жасалған экспортталған товарды жеткізуге арналған шарты (контракт);

экспорт режимінде товар шығарушы кеден органы белгісі соғылған кедендік жүк декларациясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кедендік шекарадағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органы белгісімен; товар құжаттарының көшірмелері;

зияткерлік меншік құқығын қорғау саласында уәкілетті органның магниттік тасымалдаушы және оның авторлық құқығы туралы товары болуын, сондай-ақ зияткерлік меншік нысанын экспорттау жағдайында оның құнын анықтау.

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан кедендік аумақтан тыс өңдеу режимінде бұрынырақ шығарылған товарларды одан әрі экспорттау жағдайында немесе өнімдерді өңдеу экспортты анықтау төмендегі құжаттар негізінде жүзеге асырылады :

кедендік жүк декларациясы, оған сәйкес өңдеу режимін экспорт режиміне өзгерту жүргізіледі ;

кедендік аумақтан тыс товарларды өңдеу режимінде рәсімделген кедендік жүк декларациясы ;

шет мемлекет аумағына товарды енгізу кезінде кедендік аумақта товарды өңдеу режимінде рәсімделген, мұндай рәсімдеуді жүргізуші кеден органы

растаған, кедендік жүк декларациясының көшірмесі;
товарды және өнімдері өңдеуден өткізген мемлекет аумағынан өткізген кезде экспорт режимінде рәсімделген және мұндай рәсімдеу жүргізуші кеден органы растаған кедендік жүк декларациясының көшірмесі.

Қазақстан Республикасы резиденттерінің аффинирленген бағалы металдардың - алтын, платина айналымын растайтын құжаттар:

аффинирленген бағалы металдардың - алтын, платина, жеке шикізат өндірісінен алынған өнімдерді жеткізуге арналған келісім-шарт (контракт);

аффинирленген бағалы металдардың - алтын, платина, жеке шикізат өндірісінен алынған өнімдерді түсіруге рұқсат етілген товардың ілеспе құжаттары;

аффинирленген бағалы металдардың - алтын, платина, жеке шикізат өндірісінен алынған өнімдерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы ұйымдары алуға рұқсат ететін құжаттардың көшірмесі.

АЭА аумағында товарларды сатуға рұқсат етуге қажетті құжаттар:

АЭА аумағында қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік бағыттағы нысандарды пайдалануға беру және құрылыс кезінде толық пайдаланылған товарларды АЭА аумағында жүзеге асыратын ұйымдармен товар жеткізуге арналған келісім-шарт (контракт);

еркін кедендік аймақта кедендік режимде товар шығаруды жүзеге асырушы кеден органының белгісі соғылған кедендік жүк декларациясының көшірмесі;

АЭА аумағында құрылыс нысандарын жүзеге асырушы ұйымдарға жүк түсіруге рұқсат етуші товарға ілеспе құжаттар көшірмесі;

АЭА аумағында құрылыс нысандарын жүзеге асырушы ұйымдарға товар алуға рұқсат етуші құжаттардың көшірмесі.

Инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан жеке өнімі товарларын сатуға қажетті құжаттар (жаңа нысандар құрылысы кезеңінде қолданылады):

инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғаға товар жеткізуге арналған келісім-шарт;

инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан салық төлеушіге товарды түсіруге рұқсат ететін товарға ілеспе құжаттардың көшірмесі;

инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық келісім-шарт жасасқан салық төлеушіге товарды қабылдап алуға рұқсат ететін товарға ілеспе құжаттардың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында, шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған жеке өндірісіндегі товарларды сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілерге рұқсат беретін қажетті құжаттар:

Шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған, Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында қызметін жүзеге асырушы салық төлеушілерге товарды жеткізуге арналған келісім-шарт, онда жеткізілген товарлар жерді пайдалануға арналған шарттың жұмысшы бағдарламасын орындауға арналғандығы көрсетілуі тиіс;

Шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған, Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында қызметін жүзеге асырушы салық төлеушілерге товарды түсіріп алуға рұқсат ететін товарға ілеспе құжаттардың көшірмесі;

Шарттарға сәйкес импортталған товарларға ҚҚС төлеуден босатылған, Қазақстан Республикасы аумағында жерді пайдалану шарты аясында қызметін жүзеге асырушы салық төлеушілерге товарды қабылдап алуға рұқсат етуші құжаттардың көшірмесі.

Егер салық тексеру актісі немесе салық органының қорытындысымен бекітілген ҚҚС сомасы салыстыру актісіне сәйкес салық қарызынан аспайтын болса, онда Сіз салық органына төмендегі құжаттарды ұсынуыңыз қажет:

Салық тексеру актісімен расталған салық есептілігін жасау Ережесімен бекітілген ҚҚС қайтару туралы өтініш (332.00 нысаны). Өтініш бланкісін салық органдары ғимаратында арнайы бөлінген типографиялық ұйымдардың орнынан алуға болады;

товарларды импорттау кезінде төлеуге жататын ҚҚС сомасын көрсете отырып кеден органы бекітеді.

Егер Сіз 332.00 нысаны бойынша салықтық тексеру актісіне қол қойған немесе актіге қорытынды берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынбаған жағдайда ҚҚС қайтару (есепке алу) заңды тұлғаның және/немесе құрылымдық бөлімшенің салықтық қарызын өтеу есебінен салықтық тексеру актісі негізінде немесе актіге берілген қорытынды және қарызы жоқ деген құжат негізінде жүргізіледі.

Егер салықтық тексеру актісі негізінде немесе актіге берілген қорытынды мен анықталған ҚҚС сомасы сіздің салықтық қарызыңыздан асып кетсе, онда салықтық тексеру актісі негізінде немесе актіге берілген қорытындысымен бекітілген қалған ҚҚС сомасын қайтару 332.00 нысаны бойынша өтінішсіз Сіздің банктік шотыңызға аударылмайды.

ҚҚС қайтару (есепке алу) салықтық тексеру актісі немесе актіге берілген

қорытынды негізінде және қайтару сәтінде ҚҚС төлеушісінің жеке шотына аудару арқылы ҚҚС сомасы шегінде салық органдары жүзеге асырады.

13. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруға арналған өтінім бланкілерін www.salyk.kz сайтынан ("Салық заңдары" бөлімі, "Салықтық есептілік" бөлімшесінен) қара-ақ форматта қағаз тасымалдаушыларға шығарып алуға немесе салық органдары ғимаратында арнайы бөлінген орындарда типографиялық ұйымдардан сатып алуға болады.

14. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруға арналған құжаттарды ұсыну үшін, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарындағы тиісті "терезеге (-лерге)" келіп өткізу қажет.

15. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруға арналған құжаттарды өткізуді растау құжаттары келесі:

1) салық органы қызметкерінің Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруға арналған өтініштің (302.00 нысаны) салық төлеушіде өтініштің екінші данасында қабылдау туралы белгісі - аты-жөні, қызметкердің қолы, салық органы коды және қабылдау күні;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4699 болып тіркелген) бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерінің N 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша талон беру (бұдан әрі - талон).

16. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруға арналған сомасы туралы Сіздің банктік шотыңызға Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС сомасы түскен кезде біле аласыз. ҚҚС сомасын қайтару туралы салық төлеуші бейрезидент тұлға үшін төлеуге жататын ҚҚС есебіне алу арқылы төлемді растау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының "Жеке шоттарды жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Жеке шоттарды жүргізу ережесіне N 18-1 к қосымшасына сәйкес беріледі.

17. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтарудан бас тарту туралы хабарды сіз мынадай жағдайларда алуыңыз мүмкін:

1) салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша салық қ а р ы з ы н ы ң б о л у ы ;

2) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтару туралы өтінішті (302.00 нысаны) дұрыс толтырмау;

- 3) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтаруды салық тексеру актісімен растамау;
- 4) жеке шотында асыра төлеу болмауы (оң сальдо).

3. Жұмыс қағидаттары

18. Салық қызметі органдары жұмыста төмендегідей қағидаттарды басшылық етеді:

- 1) Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтару рәсімі туралы толық ақпарат беру;
- 2) қызмет көрсету кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын қадағалау;
- 3) өтініш бланкілерін төлеуден басқа, Нөлдік мөлшерлеме бойынша салынған айналымдар бойынша ҚҚС қайтару бойынша тегін қызмет көрсету;
- 4) салық органдары Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас жасау;
- 5) салық төлеушінің ұсынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау және қорғалу.

4. Жұмыс нәтижесі

19. Салық есептілігін қабылдау бойынша тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарт қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік органның, мекемелердің және басқа да мемлекеттік қызмет көрсетуші субъектілердің жұмысы соған қарай бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мақсаттық маңызын жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Салық органдары қызметкерлерінің әрекетін (әрекетсіздігін) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты:

- 1) Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары стенттерінен;
- 2) www.salyk.kz сайтынан (Ақпараттық материалдар/Жаңалықтар бөлімінен).

22. Салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар таңдау арқылы мына жолдармен жіберілуі мүмкін:

- 1) тіркеу есебі бойынша салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу

орталықтарының басшыларына тікелей, тіркеу есебі бойынша салық органдарының басшыларына немесе жоғарғы салық органдарының басшыларына ж ү г і н і с е т у ;

2) салық органдары Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында орналасқан қызмет көрсету сапасы бойынша салық төлеушілердің арнайы пікірлері бланкісі немесе келу карточкасын толтыру, толтырылған бланкіні шағымдар мен ұсыныстардың арнайы жәшігіне салу;

3) тіркеу есебі бойынша салық органдарының "сенім" телефонына, жоғарғы салық органдарының "сенім" телефонына немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 8(7172) 717963 "сенім" телефонына хабарласу. Республика салық органдарының "сенім" телефондар нөмірлері бұйрықтың N 1 қосымшасында келтірілген;

4) мына мекен жай бойынша электрондық шағым кітабына: call-e-tax@mgd.kz ;

5) тіркеу есебі бойынша салық органдарының, жоғарғы салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталығында немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстар ж ә ш і г і а р қ ы л ы ;

6) жоғарғы салық органының кеңсесіне почта байланысы арқылы немесе барып хабарласуға болады. Облыстар, Алматы және Астана қаласы бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық органдары кеңселерінің почта байланысы бұйрықтың N 2 қосымшасында келтірілген;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық комитетінің кеңсесіне, мекен-жайы: Астана қ, Победа даңғ, 11.

23. Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым қабылдау ретінде қағаз тасымалдаушысында ұсынылған шағымды қабылдау кезінде берілетін талон болады. Талонда шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, күні және уақыты көрсетіледі.

Шағымды қарастыру барысы және қарастыру нәтижесі туралы: егер шағым өзі келу тәртібімен қағаз тасығышта ұсынылған болса - шағымды қ а б ы л д а ғ а н а д а м н а н ;

егер шағым электрондық шағым кітабына ұсынылған болса - электрондық хат ж о л д а у а р қ ы л ы б і л у г е б о л а д ы .

Салық органы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) шағым Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген мерзімінде қарастырылады.

6. Байланыс туралы ақпарат

24. Байланыс туралы ақпараттар:

- 1) Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 3 қосымшасында келтірілген;
- 2) салық органдары басшыларының байланыс ақпараттары - бұйрықтың N 4 қосымшасында келтірілген.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің web-порталында келесі мекен-жайда: www.salyk.kz салық төлеуші ала алады:

